

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ - Түрік Университеті
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінің
№8 ХАТТАМАСЫ

11.04.2025 ж.

Қатысқандар: комитет төрайымы, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова, мүшелері: оқу ісі бойынша декан орынбасары, аға оқытушы Б.Сарсенов, PhD, аға оқытушы Н.Шектібаев, PhD, аға оқытушы Ж.Тұрғанбаева, ХҚТУ проф. Г.Сарбаева, аға оқытушы А.Еримова, хатшы А.Е.Сержанова

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау
2. ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы
3. Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру
4. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы
5. Әр түрлі мәселелер
 - 5.1. б.ғ.к., доцент м.а. Қ.Т.Абдраимова «Ауылшаруашылық экожүйелерінің биоиндикациясы» атты оқу құралын қарап, университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну туралы
 - 5.2. Физика кафедрасының PhD, аға оқытушы Н.Ә. Шектібаев, 7M01506 «Физика білім беру бағдарламасының» магистранты А. Мейрбек «Физика пәнін оқытудағы сыныптан тыс тапсырмалар жинағы» оқу-әдістемелік құралын университеттің оқу-әдістемелік комитетінде қарауға ұсыну туралы.

Тыңдалды:

1. **Комитет төрайымы, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова:** Әр кафедра меңгерушілері 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау жасап, өткізу қажет.

Экология және химия кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша
қабылданатын контингентке ұсыныс

№	БББ атауы	2025-2026 оқу жылына қабылданатын болжамды контингент
1	B012- Химия мұғалімдерін даярлау	50
2	B051-Қоршаған орта	20
3	B014- География мұғалімдерін даярлау	20

Физика кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша қабылданатын
контингентке ұсыныс

№	БББ атауы	2025-2026 оқу жылына қабылданатын болжамды контингент
1	B010- Физика мұғалімдерін даярлау	30
2	B054-Физика	50
3	M011-Физика педагогтерін даярлау	15

4	М090- Физика	10
5	D011 Физика педагогтарын даярлау	2

Математика кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша қабылданатын контингентке ұсыныс

№	БББ атауы	2025-2026 оқу жылына қабылданатын болжамды контингент
1	6B01509 Математика	40
2	6B05449 Математика	25
3	6B01573 Информатика	25

Биология кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша қабылданатын контингентке ұсыныс

№	БББ атауы	2025-2026 оқу жылына қабылданатын болжамды контингент
1	6B015-Биология	40
2	6B051-Биология	60
3	6B051-Биотехнология	10
4	7M015-Биология	6

Шешім: 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспары талқыланып, өткізілсін

2. **Комитет төрайымы, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова:** ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру жоспары алдыңғы мәжілісте қарастырылған. Әр кафедра кәсіби бағдар жоспары бойынша жұмыстар атқарылуда. Кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу үшін кафедрадағы оқытушы-профессорлар мектептерге барып, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Шешім: ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру жоспары бойынша жұмыстардың орындалуы кафедра меңгерушілеріне жүктеледі

3. **оқу ісі бойынша декан орынбасары, аға оқытушы Б.Сарсенов:** Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуі орындалуды. Әр курс бойынша білім алушылар платонус базасына пәнге тіркелуі қажет. Бұл тапсырманың орындалуы топ тәлімгерлеріне жүктеледі.

Шешім: Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуі қадағалансын

4. **оқу ісі бойынша декан орынбасары, аға оқытушы Б.Сарсенов:** ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуда. Практиканың жоспар бойынша орындалуын қадағалау кафедра меңгерушісіне жүктеледі.

Шешім: ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық,

диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын кафедра меңгерушісі тарапынан қадағаланын

5. Әр түрлі мәселелер

5.1. б.ғ.к., доцент м.а. К.Т.Абдраимова «Ауылшаруашылық экожүйелерінің биоиндикациясы» атты оқу құралын қарап, университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну туралы

Комитет төрайымы, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова: Әртүрлі мәселелер бойынша Биология кафедрасының оқытушысы К.Т.Абдраимова дайындаған «Ауылшаруашылық экожүйелерінің биоиндикациясы» атты оқу құралы Жаратылыстану, қоршаған орта бағытындағы білім беру бағдарламаларының білім алушыларына арналған. Оқу құралында қоршаған ортаның маңызды компоненттерінің бірі ауылшаруашылық экожүйелерінің биоиндикациясы мазмұны бойынша теориялық және практикалық өзекті мәселелер беріліп, оларды шешуге арналған мысалдар қарастырылған. Тақырыптар соңында білімді бекітуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылған. Жалпы, оқу құралын дайындау барысында оқу басылымының осы түрін рәсімдеуге және мазмұнына қойылатын талаптар толық сақталған. Факультет кеңесінің мүшелері мақұлдап, бір ауыздан қолдау білдірді.

Биология кафедрасының аға оқытушысы, факультеттің оқу-әдістемелік комитет мүшесі А.Ж.Еримова: «Ауылшаруашылық экожүйелерінің биоиндикациясы» оқу құралы қоршаған орта мониторингі саласында оқытылатын негізгі мәселелерді тереңірек қарастыруға арналған, ауылшаруашылық тізбегіндегі замануи өзекті сұрақтар жан-жақты қарастырылған. Оқу құралында ауылшаруашылық экожүйелері бойынша зерттеу нысандарына қатысты ғылыми тұрғыдан кең талқыланып жүрген сұрақтар тапсырмалар түрінде көрініс тапқан.

Оқу құралы 6B051 – Биологиялық және сабақтас ғылымдар, 6B052 -Қоршаған орта даярлау бағыттарының білімгерлеріне, жарытылыстану бойынша ауылшаруашылық құрылымдық компоненттерін зерттеу жұмыстарында қолдануға арналған.

Шешім: Биология кафедрасының оқытушысы К.Т.Абдраимова дайындаған «Ауылшаруашылық экожүйелерінің биоиндикациясы» атты оқу құралы университеттің оқу-әдістемелік комитетінде талқылауға ұсынылсын.

5.2. Физика кафедрасының PhD, аға оқытушы Н.Ә. Шектібаев, 7M01506 «Физика білім беру бағдарламасының» магистранты А. Мейрбек «Физика пәнін оқытудағы сыныптан тыс тапсырмалар жинағы» оқу-әдістемелік құралын университеттің оқу-әдістемелік комитетінде қарауға ұсыну туралы.

PhD, аға оқытушы Ж. Турганбаева: Физика кафедрасының PhD, аға оқытушы Шектібаев Н.Ә., 7M01506 «Физика білім беру бағдарламасының» магистранты А.Мейрбек «Физика пәнін оқытудағы сыныптан тыс тапсырмалар жинағы» оқу-әдістемелік құралында жалпы физика пәніне оқушылардың қызығушылығын арттыру, сабақ үлгерімін жоғарылату әдістері қарастырылған. Әр тараудың соңында әр тақырыпқа байланысты тапсырмалар оқушылар жауап бере отырып игерілген материалды бекітуге арналып дайындалған.

Оқу-әдістемелік құралдары мектепте сабақ беретін физика пәні мұғалімдеріне оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға және оқушылардың білімін жетілдіруі барысында қажет деп санаймын. Оқу-әдістемелік құралдарын баспадан шығару керек. Баспадан шығару үшін университеттің оқу – әдістемелік кеңесіне қарауға ұсынамыз. Барлық факультет кеңесінің мүшелері қарсы емес екендіктерін білдіріп, бір ауыздан қолдау білдірді.

Шешім: PhD, аға оқытушы Н.Ә. Шектібаев, 7M01506 «Физика білім беру бағдарламасының» магистранты А. Мейрбек «Физика пәнін оқытудағы сыныптан тыс тапсырмалар жинағы» атты оқу-әдістемелік құралын университеттің оқу-әдістемелік комитетінде қарауға ұсынылсын.

Оқу-әдістемелік комитеттің төрайымы:

Э.Қ.Ибрагимова

Хатшы:

А.Е.Сержанова